Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары

Бөлім:	**9.1. Қазақстан «жылымық» кезеңінде (1954-1964 жылдар)**
Педагогтің Т.А.Ә.	Әлайдар Нұрлыбек Ерғалиұлы
Күні:	9 А 09.10.26 9 В 09.10.26 9 С 08.10.26
Сынып: 9 А, В, С	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Тың игеру жылдарындағы Қазақстан.** **Зерттеу сұрағы:** Тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты Қазақстанға қалай әсер етті
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау : 9.4.1.1. кеңес үкіметі кезіндегі ауылшаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру
Сабақтың мақсаты	Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістер мен дағдарыстардың себеп-салдарларын талдап түсіндіру.
Құндылықтар	Тәуелсіздік және отаншылдық
Апта дәйексөзі:	Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өткен білімді еске түсіру 7 минут	**(Б)Бастапқы ынталандырушы материал**. 1.Әңгімелесу. Суреттер бойынша сабақ тақырыбын болжату.Ой шақыру. - Тың деген не? -Тың игеру барысында неліктен Қазақстанның аумағы басым таңдалды? - Тың игерудің қандай салдары болуы мүмкін? Оқушылардың болжам жауаптарын тыңдап, әңгімелесу. 2. Сабақ тақырыбы, мақсаты, зерттеу сұрақтарын хабарлау. 3. Бұрынғы білімін сабақтастыра жаңғырту мақсатында **«Келісемін/ келіспеймін».** Тұжырымның бірін таңдау тапсырмасын орындау. **тұжырым** | **келісемін** | **келіспеймін**	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу Оқушылар өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді	ҚБ «Мадақтау сэндвичі»	Тақырыптық суреттер

Жаңа тақырыпқа қадам 3 минут	Н.Хрущевтің билік басына келген жылдар тарихта «Жылымық» жылдары деп аталды				
	Волюнтаризм дегеніміз – саяси шешімдерді қабылдауда ғылымға сүйеніп негіздеу				
	Н.Хрущевтің саяси шешімдерінің шалағай болуы саяси білімі мен мәдениетінің төмен деңгейде болуымен байланысты				
	1954-60 жж. кеңестік саяси жүйеде демократиялық өзгерістер басталды.				
	2.Сабақ мақсаты және зерттеу сұрағымен таныстыру. *Зерттеу сұрақтары:* ▪ Не себепті КСРО-да ауылшаруашылықтың дамуы артта қалды? ▪ Тың игеру барысында неліктен Қазақстанның территориясы басым таңдалды? ▪ Тыңның алғашқы табыстары қандай болды? ▪ Тың игерудің зардаптары қандай?				
Сабақтың ортасы Жаңа білім 5 минут	**(М) Проблемалық баяндау.** **Тың игеру қалай басталды? Қашан басталды?**		Оқушылар ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды ***Дескрипторлары:***	**ҚБ** Мұғалім оқушылар жауабын	Ақпараттық мәтін

10 минут 5 минут 10 минут	**Қысқаша шолу.** Тың игерудің себептеріне, барысына тоқталу. Экономиканы экстенсивті жолмен дамытудың ерекшеліктеріне, өзгерістерге тоқталу. **Зерттеу және талдау** **1-тапсырма.** Кескін картаға тың игерілген облыстардың аумағын белгілеңіз. Неге осы облыстардың жері таңдап алынғанын түсіндіріңіз. (№11 слайд)  *(оқушыларға берілген үлестірмелі материалдағы сұлба картаға белгілейді ретінде бірнеше ықтимал (2-3) жауап үлгісі берілген)* Оқушылар талдау жасай отырып, тың игерудің ауыл шаруашылығында экономикалық жағынан пайдасы болғанымен, мәдени, экологиялық зардаптары басым болғандығын, оның салдары Қазақстанның ауыл шаруашылығына қазіргі заманға дейін әсер ететіндігі туралы тұжырым жасауы тиіс. КСРО басшылығының экстенсивті жолды таңдауы экономикалық қате шешім болғандығын бағалайды. ЕБҚ: оқушы шығарылып берілген тапсырманы орындайды **2-тапсырма.**Пікір алмасу.Тың игеру туралы деректі фильмнен үзіндіні көріп, жағымды және жағымсыз себеп-салдарларына дәйек пен дәлел келтіріңіз. ***Тың және тыңайған жерлерді игеру*** *(оқушылар бейнематериалдан үзінді көріп, тың игерудің себептері мен салдарлары туралы пікірлерін айтады)* **ЕБҚ** оқушы (көру және есту қабілеті төмен) сұрақтарға жауапты жазбаша ұсынады.	Тың игеруге осы облыстардың таңдалуына қатысты кем дегенде 2 себепті анықтай алады; картаға тың игерілген 4 тен кем емес облыстардың аумағын белгілейді. Оқушылар өз жұмыстарының қорытындыларын сынып алдында қорғайды.. ***Дескрипторлары:*** Тың игеру үрдісінің кем дегенде 2 жағымды және 2 жағымсыз себептерін атайды; Тың игеру үрдісінің кем дегенде 2 жағымды және 2 жағымсыз салдарларын атайды.	мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады **ҚБ** *«Екі жұлдыз, бір тілек»* **ҚБ** *«Өзін-өзі бағалау»*	Үлестірмелі қағаздар Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінгі күнге дейін. 5-томдық. 4- том. Атамұра, 2010 Суретте Тірек-сызбалар Кесте Карта https://www.youtube.com/lg watch?v=u2Xved0Em ҚБ парағы

Сабақтың соңы 5 минут	Кері байланыс ➢ Қиын болды… ➢ Бүгін мен білдім… ➢ Қызықты болды…	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	А4, конспект
Үй тапсырмасы	Тың игеру жылдарындағы Қазақстан			